



Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауы  
Послание Президента Республики Казахстан

# Еліміздің әрбір тұрғыны оң өзгерісті сезінуі тиіс

2 қыркүйек күні Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент палаталарының бірлескен отырысында Қазақстан халқына Жолдауын жариялады. Мемлекет басшысының «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауы тәуелсіздігіміздің төл тарихындағы маңызы бөлек құжат. Президент өзінің Жолдауында қазіргі қоғамдағы бірқатар маңызды мәселелерге тоқталып өтті. Қазақ тілінің тағдыры, «Дипломмен – ауылға» бағдарламасының аясын кеңейту, аз қамтылған және көп балалы отбасыларды қолдау үшін дарынды баланың қабілетін дамытудың жол картасын әзірлеу, мәдениет саласының қызметкерлерін қолдау туралы айтылған өзекті ой-пікірлері жұртшылықтың жүрегін жылытып, көңіліне рухани күш-қуат құйғаны күмәнсіз.

Ал осы Жолдауда Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: «Біздің ортақ мақсатымыз – азаматтардың барлық сындарлы сұраныстарына шұғыл және тиімді назар аударатын «Еститін үкімет» концепциясын өмірге енгізу керек. Тек қана билік пен қоғам арасындағы түпкілікті диалог арқылы қазіргі геосаясат контекстіне өрілген жарасымды мемлекет құра аламыз. Сондықтан, азаматтық қоғамды қолдап, оларды ең өзекті жалпымемлекеттік мақсаттарды шешу үшін талқылауға тарту қажет», - деп айтты. Аудан кітапханалары ҚР Президентінің әр Жолдауын насихаттауға үнемі сүбелі үлесін қосып келеді. Сонымен қатар, ауыл кітапханашыларының міндеті – ауданымыздың әрбір тұрғынына елімізде

болып жатқан оң өзгерістерді жеткізу. Осыған сәйкес, «Ауылдық кітапхана – құқықтық ақпарат орталығы» жобасы Нұра ауданы бойынша іске асырылып жатыр.

Жоба барлық ауыл кітапханаларында халыққа ұсынылып, қызмет көрсете бастады. Қазіргі кезде ауыл тұрғындары өздеріне керек құқықтық ақпаратты алысқа бармай-ақ кітапханалардан ала алады. Аталмыш жоба арқылы жұмыс іздеп жүрген азаматтар, мемлекеттік қызметкерлер, зейнеткерлер, жастар, ауылшаруашылық қызметкерлері, кәсіпкерлер, көпбалалы аналар өздеріне керек мағлұматқа қол жеткізіп, салық заңдылығы, халыққа қызмет көрсету орталығы мен тұрғын үй бойынша мәліметтер ала алады. Аталған ақпараттар үнемі толықтырылып тұрады. Осы жобаны іске асырудың арқасында ауыл тұрғындарының мемлекеттік бағдарламаларға, әлеуметтік реформалар туралы ақпаратқа қолжетімділігі қамтамасыз етіледі.

Қазіргі таңда аудан бойынша 1001 ауыл тұрғыны осы жоба арқылы кітапханадан қажетті ақпарат алып отыр. Президент жақын арада атқарылатын іс-шаралардың біреуін халықпен тиімді кері байланыс ретінде белгіледі. Ауыл кітапханаларында осы маңызды бағыт «Ауылдық кітапхана – құқықтық ақпарат орталығы» жобасы арқылы іске асырылып жатыр. Ал ауыл тұрғындары еліміздегі оң өзгерісті қолдап, осы Жолдаудың іске асырылуына өз үлесін қосады деп сенеміз!

**Б.Ахтямова**  
**Кертінді үлгілі ауылдық**  
**кітапханасының кітапханашысы**